

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 қарашадағы N 1388 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 маусымдағы N 585 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 22 қыркүйектегі N 903 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 қарашадағы N 1388 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 38, 489-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және Халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері, жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Сағадиев - Қазақстан Республикасы
Кенжеғали Әбенұлы Парламентінің Мәжілісі Қаржы
және бюджет комитетінің

төрағасы (келісім бойынша)

Жоламан - Қазақстан Республикасының
Рүстем Қабидоллаұлы Мәдениет, ақпарат және спорт
бірінші вице-министрі

Гамарник - Қазақстан Республикасының
Геннадий Николаевич Білім және ғылым бірінші вице-
министрі

Шпекбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі
Алик Жатқамбайұлы істер вице-министрі

Абайділдин - Қазақстан Республикасының
Талғатбек Жәмшитұлы Қоршаған ортаны қорғау вице-
министрі

Бекбосынов - Қазақстан Республикасының
Сабыржан Мәдиұлы Әділет вице-министрі

Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы
Рәпіл Сейітханұлы істер министрінің орынбасары

Алдабергенов - Қазақстан Республикасы
Нұрлан Шәдібекұлы Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының бірінші
орынбасары

Мәмбетәлин - Қазақстан Республикасы Қаржы
Әлихан Есенғосұлы министрлігінің Кедендік бақылау
комитеті төрағасының орынбасары

мына:

"Мыңбаев - Қазақстан Республикасы
Сауат Мұхаметбайұлы Премьер-Министрінің
орынбасары, төраға"

"Әйтекенов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Медібайұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Мыңбаев - Қазақстан Республикасы
Сауат Мұхаметбайұлы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Индустрия
және сауда министрі, төраға"

"Әйтекенов - Қазақстан Республикасының
Қайрат Медібайұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі,
төрағаның орынбасары";

көрсетілген комиссияның құрамынан Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы, Рябченко Олег Григорьевич, Жандосов Ораз Әлиұлы, Әбдіқадырова Айман Нұрқасымқызы, Тілеуберді Мұхтар Бескенұлы, Ержанов Аманяз Қасымұлы, Стамқұлов Ұбайдолла Мырзағалиұлы, Ысқақов Нұрлан Әбділдаұлы, Милютин Александр Александрович шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Кеден-тариф саясаты және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысуы мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ережеде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Комиссия хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және отырыстар өткізілгеннен кейін хаттамаларды ресімдейді."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК